

ЖАНАЙҚАЙ

Өртенген малды кім өтейді?

Әлкей Марғұлан ауылының халқы кімнен көмек сұрарын білмей дал. Тосыннан келген дала өртінен жеке азаматтарға тиесілі 73 бас ұсақ мал тірідей жанып кеткен. Тағы жүзден астам қой-ешкіні күйік шалып, шала-жансар жатқан жануарлар күн сайын бестен-оннан өліп жатыр дейді ауыл адамдары. Мәселеге облыс басшылығы араласып жатқанымен, малға күні қараған жұртшылық айтылған сөз, берілген уәдеге сенімсіздік танытып отыр.

Мұрат ҚАПАНҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Бұған дейін басылым бетінде жазылғандай, өткен аптадағы алапат өрттің бірі Екібастұздың ауылдық аймағында орын алып, көптеген елді мекеннің шабындықтары мен жайылымдары отқа оранды. Өңірлік төтенше жағдайлар департаментінің ресми хабарламасында көрсетілгендей, тілсіз жау ауыл малы жайылып жүрген өрісті жайпап, 70-тен аса ұсақ мал өртеніп кеткен. Әлкей Марғұлан ауылының әкімі Бауыржан Бозтаев атап көрсеткендей, елді мекенде 503 адам тұрады. Төтенше жағдайдан жалпы саны 13 отбасы зардап шегіп, әр үйден шамамен орташа алғанда жетісегіз қой-ешкі шығын болған. Ауыл тұрғындарының сөзінше, күйік шалған тағы жүзден астам түлік шала-жансар күйде жатыр. Олардың арасынан шығын болып жатқандары да аз емес. Алайда құрамында ветеринарлар, ауылшаруашылық бөлімі мен жергілікті әкімдіктің өкілдері бар арнайы комиссия 73 малды ғана қырылды деп есепке енгізген. Ауыл халқы комиссияның бұл шешімімен келіспейтіндерін айтады. Тосыннан келген алапатан шығын болған малдың орнын толтыруда мемлекет көмектеспесе, жағдайымыз қиын болады деп отыр.

– Ауыл адамдарына өрт келе жатыр деп алдын ала хабарланған жоқ. Төтенше жағдайлар мекемесі мұндай жұмыстармен мүлде айналыспайтыны таңғалдырады. Малымызды уақытында аман алып қалмауымыздың тағы бір себебі – өріс Марғұлан ауылынан 25 шақырым жерде орналасқан. Жазда сол жердегі «Қуаныш» шаруа қожалығына қосып, ай сайын әр мал басына 600 теңгеден төлейміз. Білуімізше, түлігіміз өртенген күні қойдың басында бақташының өзі болмаған. Өрт жүріп өткен соң барып жайсыз хабарды естідік. Арнайы комиссия мүшелерімен бірге жүріп өртенген жануарларды жинап алдық. Сөйтсек, алғашқы күні өлген 73 бас қой-ешкіні ғана комиссия шығын ретінде тіркеп, жерге көмдірді. Олар кеткен соң күйік шалған өзге 139-ның алды қырыла бастады. Оларды комиссия есепке алмай отыр. Міне, бүгінге дейін тағы 30-ға жуық ұсақ малдың күйіктен өлгеніне өзім куәмін. Отарға қосқан малымның 60-ын күйік шалса, 8-і де өліп кетті. Қалғанының күйі

келмей тұр, мал болмайды деген ойдамыз. Отбасымда шиегтей 6 балам бар, анам мүгедек жан. Күнкөрісіміздің көзі осы түлік еді, енді жағдайымыздың не болатынын білмеймін. Комиссия мүшелері ауылдағы барлық өлген малдың жалпы құны 17 млн теңгеден асса ғана өтемақы төлейміз деп кетті. Алайда шығын сомасы ол межеге жетпейді, деп қынжылып отыр ауыл тұрғыны Тілеубек Шөкей.

Жалпы, өрт болған күні өрісте 557 қой-ешкі жайылып жүрген. Соның жартысына жуығын күйік шалыпты. Мұның үстіне Марғұлан ауылы маңайындағы



10 мың гектардай жердің түгі қалмай жанып, мал баққан ағайын жайылым мен шабындық жерлерден таршылық көре бастағаны байқалады. Биыл аумақта шөп бағасы да аспандап кетеді деп болжап отыр ауылдағылар.

Ал өңірлік ветеринария басқармасының басшысы Айдар Уәлиевтің дерегінше сол күні өрісте болған малдың саны – 527 бас. 50 ешкі, 23 қой шығын болған. «Оқиға 14 шілде күні орын алған. Ветеринарлар өлген 73 ұсақ малды талапқа сай жойды. Барлық мал базада тіркелген екен, соған сай иелері де анықталып отыр. Ендігі жерде облыс басшылығы мал иелеріне өтемақы төлеу туралы шешім қабылдаса, ол малдың жасына, ұрғашы немесе еркек болуына қатысты тағайындалады. Ал әлгі күйік шалып, аман қалған жануарларды жақсылап күтсе, аяққа тұрып кетеді. Қосымша өліп жатқан түліктер туралы сізден біліп отырмын, оларды есепке алу туралы жергілікті ветеринарлық қызметке тапсырма беремін», деді басқарма басшысы.

Аталған мәселені облыс басшысы Асайын Байханов та назарда ұстап отырғанға ұқсайды.

«Ертіс орманы» резерватындағы орман өртін бақылап жүрген облыс басшысы дүйсенбі күні тікұшақпен Марғұлан ауылына ұшып барып, шығын шеккен отбасылармен кездесу өткізген. Бұл туралы ол өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.

«Дала өрттері орын алған Баянауыл, Май аудандарына және Екібастұздың ауылдық аймақтарына бардым. Шаруа қожалықтарының басшыларымен кездесіп, мәселелердің шешу жолдарын бірлесіп талқыладым. Біріншіден, шабындық үшін бөлінетін арзан дизель отынының көлемін 4 мың тоннадан 10 мың тоннаға дейін арттырамыз. Екіншіден, жемшөп дайындау үшін субсидиялау көлемін бір бас қара мал үшін 7 мың теңгеден 15 мың теңгеге дейін және ұсақ мал үшін 3 мыңнан 5

мың теңгеге дейін ұлғайтамыз. Үшіншіден, мұқтаж фермерлерге қор санатына енетін жерлерде, мемлекеттік орман қоры және жайылма учаскелерінде шөп дайындауға мүмкіндік береміз. Төртіншіден, дөңді дақылдарды жинау кезінде сабан дайындауды қарастырамыз. Сабан ұсақталмаған күйде егістіктерде қалып, оны кейін жинап алуға мүмкіндік бар. Соңғысы, Әлкей Марғұлан ауылының тұрғындарына келтірілген шығынды өтеу үшін өңірдің ірі кәсіпорындарымен материалдық қолдау көрсетіледі. Жазғы үйі мен малға арналған қоршауы зардап шеккен екі шаруашылыққа да дәл осындай көмек жасалады», деп мәлімдеді А.Байханов.

Әкім уәде еткен істер оңымен атқарылып, ауыл адамдарының шығыны өтеліп жатса, бұдан артық қуаныш болмас. Өңірдің ветеринарлық қызметі мен өзге де жауапты органдар шаруалардың жанайқайына құлақ түріп, кемшіліктерді уақытында жояды деп сенеміз.

Павлодар облысы, Екібастұз ауылдық аймағы, Әлкей Марғұлан ауылы

Нұржігітов жедел қимылдап, оқиға орын алған ауылға ат басын бұрды.

«Найзағай түсіп, жиырма алты жылқыны жайратқан жағдайды бәріміз естідік. Үкімет тарапынан өтемақы беру мәселесі ешқандай нормативтік актілерге сай келмейді екен. Жылқы алғандардың біразы несиеге кіріп кеткенін естідік. Оңай емес. Шығынға батқан шаруаларға «Қазпромлит» ЖШС көмектесетін болады», дейді Н.Нұржігітов.

Өңір басшысының сөзіне сенсек, шығынға батқан шаруаларға «Қазпромлит» ЖШС 10 миллион теңге қаражат бермек. Ал кімнің қанша шығынға батқанын ауылдың қоғамдық кеңесі зерделеп, қаражатты теңдей үлесітірмек.

Жамбыл облысы

ӨНЕГЕ

Ісі дара еңбек адамы



Қолжазғы жасаған Қомбайн ШЕЖІМБІЙ «ЕГ»

Түркістан қаласында өткен ІІ Ұлттық құрылтайда еңбек адамын насихаттау туралы жақсы ой көп айтылды. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың өзі: «Біз еңбек адамының мәртебесін көтеруге баса мән береміз. Елімізде түрлі саланың кәсібі мерекесі бар. Көбінесе мұндай мейрамдар назардан тыс қалып жатады. Менің ойымша, «Еңбек күніне» орай ең үздік мамандарды мемлекеттік деңгейде ұлықтаған жөн. Бұл қалам қоғамда еңбек құлтың орнықтыруға жол ашады», деп айрықша атап өтті. Осы тұрғыда күні кеше, кеңестік кезеңде алыс ауыл-аймақтарда жұмыс көрігін қыздырған бейнеткеш ата-бабаларымыздың, әке-ағаларымыздың өнегелі өмір жолын, тағылымды тірлігін бүгінгі өскелең ұрпаққа үлгі тұтудың да мән-маңызы ерекше.

Жомарт ОСПАН,
«Egemen Qazaqstan»

Бүгін біз сол санаттағы ардагерлер – ерен еңбегімен ел құрметіне бөленген, есімдері аңызға айналған әкелі-балалы даңғайыр диқандар туралы аз-кем әңгіме етпекпіз.

Қызылорда өңірінде, оның ішінде ақ күрішті аймақ Шиелі, Жаңақорған өңірінде орденді озаттар Үрпек Жансариев пен Мұхамеджан Үрпековті білмейтін жан жоқ. Үрпек ақсақал өткен ғасырдың басында, 1902 жылы туған. Жастық жылдары ел өміріндегі түрлі төңкеріске тұспа-тұс келіп, шарықтай шындалып, еңбекпен етене өскен азамат егіс танабында тынбай тер төкті. Әрдайым үздік еңбекшілер қатарынан көрініп, келе-келе майталман маман атанды. Ерен еңбегі лайықты бағаланып, жеудесі орден-медальға толды. Жеткен жетістіктері қаншалықты мол, зор болса, болмысы сондай қарапайым еді.

Барлық күш майдан үшін жұмсалған сұрапыл соғыс жылдары Ыбырай Жақаев, Ұлдар Дәуішева, Маман Қалдыбаев, Ким Ман Сам сынды аймақта күріш дақылын өсірудің негізін қалаған диқандардың қатарында болды. Қызылорда облысынан майданға 60 тонна күріш салысы жөнелтілгенде Ү.Жансариев бұл баталы шараға да белсене атсалысты. Күріштің әр гектарынан 80 центнерден өнім алды. Толайым табысы үшін Еңбек Қызыл Ту орденіне ие болды. Есімі ҚазКСР-нің «Алтын құрмет кұтабына» қызылып, ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің «Құрмет грамотасымен» марапатталды.

Адам – ұрпағымен мәңгілік. Үрпек атадан 2 ұл, 5 қыз өсіп-өнген. Солардың арасынан әке жолын қуып, атакәсіппен мықтап айналысқаны ұлы Мұхамеджан Үрпеков болды. Атырапқа аты мәлім даңғайыр диқанның отбасында дүниеге келген, қайнаған еңбек ордасында өсіп жетілген Мұхамеджан да өмірлік мамандық ретінде ауыл шаруашылығы саласын таңдады.

Ол орта мектепті бітірген 1963 жыл Шиелі ауданы мен көрші Жаңақорған ауданы қайта қосылып, шаруашылықта қызу тірлік қайнап жатқан қарбалас кезең еді. Мұхамеджан жасы келген әке-шешесіне алаңдады. Үрпек ақсақалдың зейнетке шығуы да сол уақытқа дөп келді.

Содан соң жас жігіт көп ойланбастан Қызылорда қаласындағы екі айлық механизаторлық курсты бітіріп, ауылына оралды да, трактор руліне отырды. Оның бұл қадамына әке-шешесімен қоса сол кездегі колхоздың басқарма төрағасы Әнсары Әбдіхалықов та ерекше қуанды. Ауылда жұмыс қолы жетіспейді. Әсіресе механизатор таптырмайтын зәру мамандық еді.

– Ауылда қалғаның қандай жақсы болды. Сен текті, еңбеккер тұқымнансың. Өкең Үрпек Жансариев – қолынан кетпелі түспеген диқан. Бүкіл ғұмырын күріш дақылын өсіруге арнады. Қазір міне, зейнет демалысына шықты. Әке жолын кім жалғастыру керек? Өрине, сен, деді төраға арқасынан қағып. – Қадамың құтты, еңбегің жемісті болсын!

Ал әкесінің берген батасы: «Ұлым, темір тұлпарды таңдаған екенсің, талабына нұр жаусын! Қатарыңның алды бол!»

Жалпы, 70-жылдар Шиелі өңірінде ерекше екпінді кезең еді. Аудан негізінен ауыл шаруашылығымен айналысқандықтан, егіншілікке, мал басын өз төлі есебінен көбейтуге ерекше мән берілді. Аудан жеке отау құрып, шаңырақ көтергенде барлығы 6,5 гектар егістік жері болған екені. Оның 1 900 гектарына күріш егілетін. Ал 70-жылдары тек күріш егісінің көлемі 7 600 гектарға жеткізілді. Аудан колхоз-совхоздарында 569 трактор, 196 комбайн, 180 автомашина жұмыс істеді. 1969 жылы аудан бойынша, әр гектардан 39 центнерден күріш салысы өндірілсе, 1970 жылы күріш өндіру 207 мың центнерге жетті. Жыл өткен сайын көлемі ұлғайтылып, 1970-1975 жылдары әр гектар күріштен 39-40 центнерден өнім өндіру тұрақты көрсеткішке айналды.

1971 жылы ауданның жүзден астам еңбек озаты түрлі мемлекеттік жоғары наградаға ие болды. Деректерге жүгінсек, 1 адам Ленин, 49 адам Еңбек Қызыл Ту, 33 адам «Құрмет белгісі» орденімен марапатталыпты. Бірқатар еңбеккер төсіне жарқыратып медаль тақты.

Ол кезде бүгінгі Нартай ауылы «Үлгілі», «Еңбекші» және «Жиделіарық» (Жиделі) деген үш елді мекеннен құралған «Коммунизм» колхозы деп аталатын. Үш бөлімше үш өндірістік бригадаға біріктірілді. Егіс көлемі 1 мың гектардан 3 мың

гектарға дейін артты. Оның 2,5 мың гектарына тек қана күріш егілді. Бидай, жүгері сияқты дақылдар да өсірілді. Еңбек еселенсе, өнімділік артатынына, өнім көбейсе, әл-ауқат жақсаратынына еңбеккерлердің сенімі бекіді. Ауыл азаматтары шаруашылықтың егістік алқабын айдау, тұқым себу, егін ору мен жинау жұмыстарын ұйымшылдықпен атқара білді. Колхозда диқан-механизаторлардың бірнеше буыны қалыптасты. Егіс көлемі, өнім мөлшері ұлғая түсті. Осы игілікті істің басы-қасында бірде трактор рулінде отырып жер жыртып, бірде комбайн штурвалына отырып астық орып немесе дән бастырып М.Үрпеков те жүрді. 1971 жылы жоғарыда аталған озаттар қатарында «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды. 25 жастағы жігіт үшін бұл үлкен жетістік еді. Облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Исатай Әбдікәрімов аталған награда-ны озат еңбеккердің төсіне өз қолымен қадап тұрып: «Еңсен биік, кеуден кең, қолың салалы, қауқарлы екен. «Жас келсе, іске!» деген ғой, алдында әлі талай марапат күтіп тұр, әрекетің берекелі болсын», деді. Бұл ыстық ықылас оның еселі еңбекке деген құштарлығын күшейте түсті.

1974 жылы ауданның бір топ ауылшаруашылық қызметкері мемлекеттік арнайы жолдамамен Мысырдың Каир, Александрия қалаларына сапар шекті. Таңдаулы еңбеккерлер қатарында Мұхамеджан да бар еді. Сол жылы Бүкілодақтық ауылшаруашылық жетістіктері көрмесінің күміс медалін иеленді. Ұзақ жылдар бойы ауыл шаруашылығы саласында табан аудармай еңбек етіп, ел дәулетінің артуына есепсіз үлес қосқан өз ісінің хас шебері 1984 жылы кеңес өкіметінің жоғары наградаларының бірі – Еңбек Қызыл Ту орденіне қол жеткізді. Бұл жолғы награданың көңіл толқытатындай, жүрек тебіrentетіндей ерекше жөн-жосығы бар еді. Өйткені кезінде әкесі алған орденге араға қырық жылға жуық уақыт салып, баласы да ие болды.

Жалпы, даңқты жерлестерін ауылдастары да ешқашан естен шығарған емес, әрдайым құрмет көрсетіп отырады. 2001 жылы Нартай ауылы ақсақалдар кеңесі және ауыл әкімінің ұсынысы Шиелі аудандық мәслихаты тарапынан қолдау тауып, тыл және еңбек ардагері, Еңбек Қызыл Ту орденінің иегері Жансариев Үрпекке Нартай ауылынан көше берілді.

2022жылауыләкіміҒалымжан Шайықұлы Ыхановтың бастама-сымен Ү.Жансариев атындағы көшеге абаттандыру жұмыстары жүргізіліп, кең жолақты асфальт жол төселді, жағалай жарық шамдары орнатылды.

«Еңбек – ерлікке жеткізер, ерлік – елдікке жеткізер» деген. Сандаған жылдар торабында алтынмен көмкерілген алқапта үздіксіз еңбек көрігін қыздырып, қамбаға тонналап астық құйған, әке дәстүрін сәтімен жалғастырған, жетпіс атты желді биікке көтерілгенше темір тұлпар тізгінін берік ұстаған жасампаз жан, атпал азамат, алғадай аға Мұхамеджан Үрпеков болса, бүгінде құрметті еңбек демалысында. Көп жылғы қызметінің жемісін терген мәуелі бәйтеректей, ауыл-аймақ, бала-шағасының ортасында бақуатты тіршілік кешіп жатыр. Жүрген жерінде сыйлы, құрметті, беделді. Төккен тер, шеккен бейнетінің нәтижесін көргеніне шүкіршілік етіп, іштей тәубе айтып отырады.

ІЗГІЛІК ІІІІМДЕРІ

«Қазпромлит» көмек қолын созды

Тұрар Рысқұлов ауданына қарасты Тереңөзек ауылындағы жеті түтін бір күнде айтарлықтай шығынға жатқаны мәлім. Найзағай соққысы бір үйір жылқыны жер бастандырды. Жиырма алты бас жылқыдан айырылған жұрттың жүйкесі сыр берген болатын.

Табиғат МҰСЫЛМАНҚҰЛ,
«Egemen Qazaqstan»

Қамбар ата түлігін өсіріп, кәсібін нәсібін айырамын дегендердің арасында несие алып, ата кәсіпке ден қойғандар да бар. Жылқылардың жаппай сұлағының көрген олардың «енді қайт-тік?» деп әбден мазасы қашты. Несие үшін шаруа қожалығы мен үйін кепілдікке қойған ауыл азаматының жүйкесі сыр бермегенде қайтсін?

«Таудағы фазендамды, үйімді кепілдікке қойдым. Қаражат аздау болған соң ауылдағы кішігірім

баспанамды да тіркедім. Қысқасы, кәсібімді бастау үшін барымды бәске тіктім. Жүгіріп жүріп қолым жеткен қаржыға алған жылқылар еді. Табиғат тосын мінез танытты, жылқыларымды жасын жайпап кетті. Бес миллион теңге шығынға ұшырап отырмын», деген Тереңөзек ауылының тұрғыны Нұрболат Мырзақұловтың жүзінен өкініштің табы сезілді.

Жабыққан жұрттың қамыққан көңіліне қарлығаштың қанатымен су сепкендей болса да, пайдасын тигізер шенді табылар ма екен деп отырғанбыз?! Суыт хабарды естіген өңір басшысы Нұржан

Ереп сіз «Egemen Qazaqstan» газетіне жарнама бергіңіз келсе, мына телефондарға хабарласыңыз: Астана 37-64-48, 37-60-49. Электронды пошта: advert@egemen.kz, egemen_adv@mail.ru Алматы 273-74-39, ф. 273-07-87. Электронды пошта: adv@egemen.kz

Утеранный Устав ТОО «Азамат» считать недействительным. Утеранное Свидетельство о регистрации ТОО «Азамат» считать недействительным, либо прошу вернуть за вознаграждение.Тел.: 8701 221 80 01.

ТОО «Рамазан Гасретов», БИН 170140031026, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации данного объявления по адресу: г.Актау, 24 микрорайон, здание 24, оф.24, тел.: +7701 566 03 07.